

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу және кейбір актілердің күші жойылған деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 шілдедегі N 2394 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_ I-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заң күші бар Жарлығының 16-бабы I-тармағының тоғызыншы абзацы "6-7" цифрынан кейін "14" цифрымен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің мына Жарлықтарының күші жойылған деп танылсын:

"Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, қатысушыларына, интернационалист-жауынгерлерге, қаза тапқан әскери қызметшілердің семьяларына қосымша жеңілдіктер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1990 жылғы 26 сәуірдегі N 2 Жарлығы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990 ж., N 19, 207-күжат);

"1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушы Кеңес Одағының Батырлары мен Даңқ орденінің толық иегерлеріне қосымша жеңілдіктер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 мамырдағы N 1194 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 15, 174-күжат);

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 15 шілдедегі N 1804 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 32, 348-күжат);

"1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлерін әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 10 сәуірдегі N 2190 Заң күші бар Жарлығы.

3. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК